

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 111-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының, кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының, Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен тізбеге сәйкес құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А.Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 16 маусымдағы
№ 111-ө өкімімен бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1	"Адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы телеу және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан	Қазақстан Республикасы	Әділетмині, Қаржымині, ПМ, БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша), СЖҚІҚА	2021 жылғы тамыз	

	Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 1462 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Әділет министрінің бұйрығы	келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша)		А. Х. Әмірғалиев
2	"Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету сапасындағы ең төмен әлеуметтік стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 шілдедегі № 427 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы тамыз	А. Х. Әмірғалиев
3	"Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 32 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині, МСМ	2021 жылғы тамыз	А. Х. Әмірғалиев
4	"Заң консультанттары палатасының үлгілік жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 1464 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы тамыз	А. Х. Әмірғалиев
5	"Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы адвокатпен көрсетілетін есеп нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 1457 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығы	Әділетмині	2021 жылғы тамыз	А. Х. Әмірғалиев

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Әділетмині - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

ЖС - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

МСМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

СЖҚІКД - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті

ІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі